

"Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 403 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 желтоқсанда № 35467 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

""Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-16) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 -бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларында:

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Үміткерлердің болмауына байланысты маршруттарға қызмет көрсету құқығына арналған конкурстар екі рет өткізілмеген деп танылған кезде, жергілікті атқарушы орган Комиссияның қарауына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әдістемеге сәйкес анықталған маршруттағы тариф есебін, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маршрут құнының есебін енгізеді.";

24-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұсынылған құжаттар топтамасы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау және төлеу туралы хабарламаны ресімдейді.";

25-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тындау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау және төлеу туралы хабарламаны не Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.";

6, 7-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігінің міндеттін атқарушы

M. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін
атркарушы
2024 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 403 Бұйрыққа
1-қосымша

Әлеуметтік маңызы бар
жолаушылар тасымалдауларын
жүзеге асырумен байланысты
тасымалдаушылардың
шығындарын бюджет қаражаты
есебінен субсидиялау
қагидаларына
6-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: жергілікті атқарушы органдар

Әкімшілік деректер нысаны мынадай интернет-ресурста орналастырылған:
www.gov.kz.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Әлеуметтік маңызы бар автомобиль
қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы ақпарат

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-сандық
көрінісі): С6

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20 ____ жылғы ____ (ай)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: тасымалдаушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі әрбір
айдың 15-күніне дейін.

ЖСН/БСН	<input type="text"/>
---------	--

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде
толтырылмайды)

Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Маршрут түрі	1 жолаушыға бекітілген тариф, тенге	Есептік ай ішінде тасымалданған жолаушылар, адам саны	Жолаушылар тасымалынан түскен қаражат, тенге
Үйым атауы		Үйым мекенжайы		

Ұйым телефоны _____

Ұйымның электрондық пошта мекенжайы _____

Ұйымның орындаушысы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Ұйымның басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Бас бухгалтер Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

"Әлеуметтік маңызы бар
автомобиль қатынастары
бойынша нақты тасымалданған
жолаушылар туралы ақпарат"
әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанга
қосымша

"Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме (индекс – С6 айлық кезеңділік)

Нысанның 1-бағанында маршруттың атауы және (немесе) нөмірі көрсетіледі.

Нысанның 2-бағанында маршрут түрінің атауы көрсетіледі.

Нысанның 3-бағанында 1 жолаушыға бекітілген тариф, теңге көрсетіледі.

Нысанның 4-бағанында есептік ай ішінде тасымалданған жолаушылар, адам саны көрсетіледі.

Нысанның 5-бағанында жолаушылар тасымалынан түскен қаражат, теңге көрсетіледі.

Бұйрыққа 2-қосымша
Әлеуметтік маңызы бар
жолаушылар тасымалдауларын
жузеге асырумен байланысты
тасымалдаушылардың
шығындарын бюджет қаражаты
есебінен субсидиялау
қағидаларына
7-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: жергілікті атқарушы органдар

Әкімшілік деректер нысаны мынадай интернет-ресурста орналастырылған:
www.gov.kz.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Орындалған жұмыс туралы ақпарат

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-сандық көрінісі): С7

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20 ____ жылғы ____ (ай)

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: тасымалдаушылар, уәкілетті ұйымдар


Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі

тасымалдауши әр айдың 10-шы күніне дейінгі мерзімде уәкілетті ұйымға ай сайынғы ақпаратты жібереді;

уәкілетті ұйым әр айдың 15-күніне дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органға ақпаратты ұсынады;

уәкілетті ұйым болмаған жағдайда тасымалдауши әр айдың 15-күніне дейін жергілікті атқарушы органға ай сайын ақпарат жібереді.

ЖСН/БСН



(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

p/н №	Тасымалдаушының атауы	Маршруттар саны, бірлік	Орындалған тасымал көлемі, километр	Жалпы маршрут құны, теңге	Жолаушыларды тасымалдауда н тускен қаражат, теңге
1		2	3	4	5
Ұйым атауы			Ұйым мекенжайы		

Ұйым телефоны _____

Ұйымның электрондық пошта мекенжайы _____

Ұйымның орындаушысы _____

тегі, аты және экесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Ұйымның басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және экесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Бас бухгалтер Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

"Орындалған жұмыс туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған
деректерді жинауға арналған
нысанға қосымша

"Орындалған жұмыс туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған
нысады толтыру бойынша түсіндірме (индексі - С7, кезеңділігі айлық)

Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

Нысанның 2-бағанында тасымалдаушиның атауы көрсетіледі.

Нысанның 3-бағанында маршруттар саны, бірлік көрсетіледі.

Нысанның 4-бағанында орындалған тасымал көлемі, километр көрсетіледі.

Нысандың 5-бағанында маршруттың жалпы құны, теңге көрсетіледі.

Нысандың 6-бағанында жолаушыларды тасымалдаудан түскен қаражат, теңге көрсетіледі.

Бұйрыққа 3-қосымша
Әлеуметтік маңызы бар
жолаушылар тасымалдауларын
жүзеге асырумен байланысты
тасымалдаушылардың
шығындарын бюджет қаражаты
есебінен субсидиялау
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

"Ауданарапық (қалааралық облысішлік), ауданішлік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арнасы)	портал арқылы
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Субсидия тағайындау және төлеу туралы хабарлама не субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

6.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	Тегін
7.	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұсқі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүргінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.</p>
	<p>1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша іс жүзінде тасымалданған жолаушылар туралы ақпарат;</p> <p>2) Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған кезде, орындалған жұмыс туралы ақпарат;</p> <p>3) осы Тізбеке 1-қосымшага сәйкес билеттерді сату жөніндегі ақпарат;</p> <p>4) осы Тізбеке 2-қосымшага сәйкес жолаушыларды тасымалдаудан тұсken қаржы қаражаты туралы ақпарат;</p> <p>5) тасымалдаулар ауданарапық (қалааралық облысішілік) немесе ауданшілік қатынастарда жүзеге асырылған кезде, осы маршрут</p>	

8.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p> <p>бойынша орындалған рейстерді растайтын автовокзалдардың (автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін) диспетчерлік қызметінің құжаты және (немесе) автовокзалы (автостанциясы, жолаушыларға қызмет көрсету пункті) жоқ елді мекендерде диспетчерлік жүйенің құжаты;</p> <p>6) Қағидалардың 4-тарауына сәйкес айқындалған маршрут бойынша құны тасымалдауды жүзеге асыру кезінде маршрут (км) бойынша автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүрісін негізгі ала отырып, елді мекеннің бірыңғай диспетчерлік қызметінен осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын құжат;</p> <p>7) диспетчерлік қызметтің қалалық және қала маңындағы маршруттар бойынша рейстерді орындағанын растайтын (бар болған жағдайда) құжаты.</p> <p>Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар электрондық көшірmede немесе үйим басшысының электрондық цифрлық колтаңбасында ұсынылады.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.</p>
	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған</p> <p>Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген</p>

9.	мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (ұқімі) болуы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық колтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.</p>

"Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымша

Нысан

Билеттерді сату бойынша ақпарат

Ұйымның атаяуы

Маршрут атаяу және (немесе) нөмірі	Бір реттік жол жүру билеттерін сату туралы ақпарат				
	билеттің түрі	саны (дана)	билеттің бағасы (теңге)	жалпы сомасы (теңге)	
1	2	3	4	5	
	ересек				
	балалар үшін				
	женілдетілген				
	Жиыны:				

Ұзақ мерзімді жол жүру билеттерін сату туралы ақпарат			
билеттің түрі	саны (дана)	билеттің бағасы (тенге)	жалпы сомасы (тенге)
ересек			
балалар үшін			
женілдетілген			
Жиыны:			

Әкімшілік орталық болып табылатын облыстық маңызы бар қалаларда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада тасымалдауды жүзеге асырған кезде билеттерді сату бойынша есеп маршрутта пайдаланылатын жолақыны электрондық төлеу жүйесімен расталады.

Жолақыны электрондық төлеу жүйесі операторының (бұдан әрі - оператор) атауы

Тасымалдаушы мен оператор арасында жасалған шарт 20 _ жылғы ____ № ____.

Шарттың қолдану мерзімі 20 ____ жылғы ____.

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

"Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау"
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 2-қосымша

Нысан

Жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы ақпарат

Ұйымың атауы _____

Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Сома (тенге)			
	бір реттік жол жүру билеттерін сатудан	ұзақ мерзімді жол жүру билеттерін сатудан	женілдетілген жол жүруден алынған өтемекі	Жиыны
1	2	3	4	5

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК